

"Еуразиялық банк" АҚ:**"Алға, Бизнес" жарнамалық акциясын өткізу шарттары****1. Жалпы ережелер**

1.1. "Алға, Бизнес" жарнамалық акциясының (бұдан әрі — Акция) ұйымдастырушысы — "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк).

1.2. Жарнамалық акцияны өткізу кезеңі: 2022 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қарашаға дейін.

1.3. Акцияға қатысушылар: Еуразиялық банктің Бизнес картасын ашқан және Акцияны өткізу кезеңінде (тамызда, қыркүйекте, қазан мен қарашада) кемінде бір транзакция жасаған барлық заңды тұлғалар мен ЖК.

1.4. Осы Акцияны өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Акцияны өткізу, Акцияға қатысу, Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сондай-ақ жүлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

1.6. Акцияға Банк қызметкерлері, Банкпен айрықша байланыстағы тұлғалар, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары қатыспайды.

2. Жүлде қоры

2.1. Акцияның жүлде қоры Банк қаражаты есебінен құралады және тек акцияның жүлде қорын сатып алу үшін пайдаланылады.

2.2. Акцияның жүлде қоры:

Жүлде қоры — 4 (төрт) Apple iPhone 13 Pro 128GB Graphite смартфоны жалпы сомасы ҚҚС-сыз 2 800 000 (екі миллион сегіз жүз мың) теңгеден аспайды.

2.3. Жүлделер 4 (төрт) кезеңмен ойнатылады:

- бірінші кезең 2022 жылғы 15 қыркүйекке дейін - 1 (бір) Apple Iphone 13 Pro 128GB Graphite смартфоны (01.08.2022 - 31.08.2022 аралығында кемінде бір транзакция жасалған барлық ашылған Бизнес карталар қатысады);

- екінші кезең 2022 жылғы 14 қазанға дейін - 1 (бір) Apple Iphone 13 Pro 128GB Graphite смартфоны (бірінші кезеңнің жеңімпазынан басқа, 01.08.2022 - 30.09.2022 аралығында кемінде бір транзакция жасалған барлық ашылған Бизнес карталар қатысады);

- үшінші кезең 2022 жылғы 15 қарашаға дейін - 1 (бір) Apple Iphone 13 Pro 128GB Graphite смартфоны (бірінші және екінші кезеңдердің жеңімпаздарынан басқа, 01.08.2022 - 31.10.2022 аралығында кемінде бір транзакция жасалған барлық ашылған Бизнес карталар қатысады);

- төртінші кезең 2022 жылғы 15 желтоқсанға дейін - 1 (бір) Apple Iphone 13 Pro 128GB Graphite смартфоны (бірінші, екінші және үшінші кезеңдердің жеңімпаздарынан басқа, 01.08.2022 - 30.11.2022 аралығында кемінде бір транзакция жасалған барлық ашылған Бизнес карталар қатысады);

2.4. Банктің жүлде қоры ақшалай баламамен берілмейді.

2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

3. Жарнамалық акция туралы ақпарат

3.1. Осы Акция туралы ақпарат:

- ✓ банктің eubank.kz сайтында орналастыру;
- ✓ радиодан хабарлау;
- ✓ БАҚ арқылы;
- ✓ интернет арқылы;
- ✓ банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастыру арқылы таратылады.

4. Жарнамалық акцияға қатысу қағидалары

4.1. Еуразиялық банктің Бизнес картасын ашқан және Акцияны өткізу кезеңінде кемінде бір транзакция жасаған барлық заңды тұлғалар мен ЖК.

4.2. Бір Қатысушы Акцияның бүкіл кезеңінде бір ғана жүлдені ұта алады.

4.3. Акция жеңімпаздарының жүлде қорына ие болуы оларды Банк алдындағы міндеттемелерінен босатпайды.

5. Ұтыс ойынын өткізу тәртібі

5.1. Акция бойынша жүлде қорының ұтыс ойыны осы Шарттардың 2.3-тармағында көрсетілген мерзімде жабық режимде өткізіледі, оған Акция қатысушылары жіберілмейді.

5.2. Акцияға қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссияны құрады.

5.3. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:

- ✓ акция жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
- ✓ жеңімпаздарды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы Акцияға қатысушылар арасында өткен ұтыс ойынының нәтижелерін растау.

5.4. Акция Қатысушылары арасындағы ұтыс Акцияны өткізу кезеңінде Қатысушының Банктің деректер қорында тіркелген нөмірін кездейсоқ анықтау қағидатына негізделеді, кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен және комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

5.5. Кездейсоқ сандар генерациясы экранда тіркелетін және Акция жеңімпазын анықтайтын Бизнес картаның соңғы 4 саны бойынша таңдайды.

5.6. Ұтыс аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері Акцияның жеңімпазын тіркейді.

5.7. Ұтысты өткізу нәтижелерін комиссия ұтыс қорытындысының тиісті хаттамасына енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

5.8. Ұтыс нәтижелері Банктің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жарияланады.

5.9. Өткізілген ұтыс ойындарының нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

6. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері

6.1. Акцияның әрбір қатысушысы Банктің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында жарияланатын ұтыс қорытындыларымен өз бетінше таныса алады.

6.2. Жарнамалық акцияның жүлде қорына деген меншік құқығы жүлдені беру сәтінде жеңімпаздарға өтеді.

6.3. Жеңімпаз жарнамалық акцияның жүлде қорынан бас тартқан жағдайда жеңімпаз Жүлдеден бас тарту туралы актіні (№2 қосымша) толтырады.

6.4. Жүлде қорын табыстау Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.

7.2. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын, жүлделерді беру рәсімін өзгерту және науқан туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

7.3. Банк кез келген сәтте алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірмей осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:

- ✓ Акция қорытындыларын бұрмалауға бағытталған іс-әрекеттерге баратын;
- ✓ Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Акцияға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
- ✓ Банктің, Акцияға қатысушылардың атына қорлайтын пікірлер мен намысқа тиетін сөздер айтатын, Акция туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Акцияға қатысу мүмкіндігін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

7.4. Акция өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды press@eubank.kz мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7.5. Банк кез келген уақытта Акцияның күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Акция шарттарының өзгергені туралы ақпаратты қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.

_____. 2022 жылғы
№ ____-ПР бұйрықтың
№1.1 қосымшасы

Жүлдені қабылдау актісі

Мен, _____
_____, жеке куәлік № _____ (құжатты берген орган)
_____ (күні) _____ берген,
ЖСН _____, "Еуразиялық банк" АҚ 01.08.2022 - 30.11.2022
аралығында өткізіп жатқан "Алға, Бизнес" жарнамалық акциясының
жеңімпазы екенім туралы хабардармын және

жүлдені алғанымды растаймын.

Күні _____ Қолы _____

_____. 2022 жылғы
№ ____-ІІР бұйрықтың
№1.2 қосымшасы

Жүлдеден бас тарту актісі

Мен, _____
_, жеке куәлік № _____ (құжатты берген орган)
_____ (күні) _____ берген, ЖСН _____,
"Еуразиялық банк" АҚ 01.08.2022 - 30.11.2022 аралығында өткізіп жатқан "Алға, Бизнес"
жарнамалық акциясының жеңімпазы екенім туралы хабардармын және жүлдені алудан
бас тартатынымды мәлімдеймін.
Алдағы уақытта "Еуразиялық банк" АҚ-ға ешқандай талап қоймаймын.

Күні _____ Қолы _____